

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ГРАНТ САНЫ ҚҰБЕҢДЕ, ҚАПЫ ҚАЛМАҢЫ!

Дүниенің екі мынан астам мамандық болса, заман талабына сай олардың бірі жойылып, бірінші мазмұны өзгеріп, енді бірі жаңадан пайда болып жатады. Мәселен, индустриялық бағдарламаны жүзеге асыра бастаған тұста біздे инженерлер ен күрметті мамандық саналды. Қаржы дағдарысына дейін мұнайдың бағасы жоғары болған кезде мұнай-газ саласы мен жалпы экономикаға, бизнеске бет бұрган жастар кобейді. Шетелдік компанияларда жұмыс істейтіндердің жалакысы жоғары болған кезде кейбіреулер шет тілін мемгеруге кіріссе, ал бүгінгідей индустриялық-инновациялық бағдарламалар жүзеге асырыла бастаған тұста бізге техника тілін мемгерген мамандар қажеттілігі туындағы.


Кәсіби біліктілігі жоғары маман қай кезде де сұраныска ие. Әсіресе, бүгінгідей инновациялық-индустриялық даму бағытын ұстанған әліміз үшін техникалық және қәсіптік білімі бар мамандар мен заман талаптарына жауап беретін жаңа мамандықтар бойынша орта буын кадрларды даярлау – күн тәртібіндегі басты мәселе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та техникалық мамандарды көбейтуге мән беріп отыр. Президенттің тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға қарай жастардың 100

пайызы сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін техникалық және қәсіптік біліммен қамтамасыз етіледі екен.

Осы ретте Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік университеттің техникалық мамандықтар даярлауда орасан зор жетістіктерге жеткенін айта кеткім келеді. Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті - Қазақстан Республикасының ірі жөнө көлсалалы университеті, аймағымыздың инфрақұрылымының дамуы мен қалыптасуына, халықаралық қоғамдастықтағы интеграция мен жаһандану үрдістеріне белсенді қатысатын ғылыми-білім беру, интеллектуалдық, мәдени орталығы. Университет Қазақстанның оңтүстігіндегі 65 жылдан аса тарихы бар жоғары техникалық және гуманитарлық білім берудің екі улкен мектебінен құралады. Білім және ғылым министрі Асхат Аймагамбетовтың айтуынша, осы уақытқа дейін 60 мыңға жуық гранттың 40 пайызы техникалық мамандықтарға бейімделген болса, биыл нарық сұранысына сай гранттар үлесі кебейтіледі екен. Яғни аталған мамандықтарға бөлінетін грант саны 60 пайызға дейін артады.

Демек биыл мектеп бітіретін тулектер мамандық таңдарда технология саласын таңдаса, мемлекеттік грантты жөніл алуына мүмкіндік мол. Бұл ретте біз мектеп бітіруші тулектерді әліміздегі ең ірі оку орындарының бірі – М.Әуезов атындағы университеттеге білім алуға шақырамыз.



Елімізде жан-жақты білім аламын деген жастарға мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілуде. Әйттсे де жоғары оқу орынын бітіргендердің арасында таңдал алған мамандығы бойынша жұмыс таптай, құрылышта, базарда немесе басқа да салаларда жұмыс істеуге мәжбүр болыш жүрген адамдар жетерлік. Гуманитарлық сала бойынша жоғары оқу орындарын бітірген бірқатар жастар жұмыстың жоқтығынан қәсіптік-техникалық оқу орындарында қайта даярлықтан өтуде. Сондықтап мамандық таңдау барысында талапкер де, ата-ана да жақсылап ойланғаны дұрыс. Әркім ез кәсібінің шебері болуы үшін улкендер жағы мамандық таңдау адам өміріндегі маңызды көзендердің бірі екенін ескеріп, балаларын «модный» салаларға итермелей бермей, оның өзі қалайтын, жанына жақын мамандықты таңдауына мүмкіндік бергені жән.

Біздің университеттің есігі мектеп бітіруші тулектер жаңа мамандықтардың жаңа мамандықтарға даярлаудан ешқашан жалықпаймыз!

Роза БЕКТЕНОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ, техникалық мамандықтар бойынша практикалық орыс тілі сағфедрасының оқытушысы.